

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 683 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1449 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 21 тамыздағы № 530 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.08.2020 № 530 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әлеуметтік аударымдарды есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 683 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 25, 323-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әлеуметтік аударымдарды есептеу ережесінде:

10-тармақтағы "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың (бұдан әрі - Орталық) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы Бас филиалында ашылған N 413609816 банктік шоты, МФО 190501109" деген сөздер "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық (бұдан әрі - Орталық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақ "үш банктік күні ішінде" деген сөздерден кейін "MT-100 форматындағы төлем тапсырмасымен" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы